

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «э» сыныбында тәрбие жұмысының жоспары бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау**

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «э» сыныбы 2021-2022 оқу жылын 25 оқушымен бастады. Олардың 11-і ер, 14 –і қыз бала. Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік төлқұжаты, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар жоқ. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыдан шыққан бірнеше оқушы бар .

( Рүстем Мирас,Түгелбаева Алита, Мұратова Аружан, Бозжігіт Әсемгүл) Ыстық тамақпен 3 оқушы (Дүйсенбина Шұғыла, Мұратова Аружан, Бозжігіт Әсемгүл) қамтамасыз етілген.

Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырылды.

Қыркүйек айында жылдық жоспарға сай «Тәуелсіздік жетістіктері» білім сағаты , «Тілдің мерейі-елдің мерейі», «Отбасы-өмір аясы» , «Дені сау ұрпақ- жарқын болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сынып оқушыларының жетістіктеріне тоқталып өтетін болсақ:

Қазан айында Тобық Жармағамбетов атамyzдың туған күніне орай «Есімі ел жадында Ер Тобықтың » атты аудандық шараға 9ә класс оқушылары белсене қатысып, эссе жазу бағыты бойынша Есқали Арайлым II дәрежелі дипломмен және қаржылай жүлдемен марапатталды.

Жерлес жазушы Т.Жармағамбетов шығармалары бойынша облыстық М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп - интернаттың ұйымдастыруымен өткен челлендж – байқауынан 9ә сынып оқушысы **Рүстем Мирас Алғыс хат 2022ж;**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 9 э сыныбынан үш оқушы: Байдуллина Г құқық негіздері, Дүйсенбина Ш қазақстан тарихы, **Есқали А өзін- өзі тану пәндері бойынша** қатысып, облыстық кезеңге Есқали Арайлым жолдама алып, нәтижесінде облыстық кезеңнен жүлделі II орынды иемденді.

Мамыр айында «Шәймерденов - әдеби тұлға» облыстық эссе байқауынан 9 э сыныбынан **Дүйсенбина Ш** қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды.

«Анаға тағзым» Республикалық эссе байқауынан 9 -сынып оқушысы **Есқали Арайлым II орын 2022ж**

Сынып оқушыларының спорт саласында да жетістіктері бар. Атап айтқанда, 15-17 қазан аралығында « Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің»

еркін күрестен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына , Қ.Мұңайтпасовтың 150 жылдығына аналған спорт мектебі біріншілігінде «62» кг салмақ дәрежесінде 9 э класс оқушысы Самбаев Бекберген I орынды иеленді.

Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім бееретін мектеп оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп» баскетбол жарысында II дәрежелі дипломға Марқабаева Сезім ие болды.

Қаңтар айында «Ұл ұяты -әкеге,қыз ұяты- шешеге», «Әсемдік дегеніміз не?», «Денсаулықты сақтаудың тиімді жолдары », ақпан айында «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түпқазығы» пікіралмасу , «Мейірімділік пен сыпайылық ережелері» (психологпен кездесу), наурыз айында алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту -парызым» , «Жыл басы - Наурыз, Мол болсын дәм-тұз» тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



Сынып оқушылары сонымен қатар, жас волонтерлар құрамына еніп, желтоқсан айында аудандық Жастар ресурстық орталығы бейресми білім беру тренингіне қатысып, өмірлік дағдылар бойынша 7 күндік сабақ алып, оқуға үздіксіз қатысқан оқушыларға сертификаттар табысталды. Сынып оқушыларынан құралған екі топ, атап айтқанда «EXPAND» командасы қазіргі кезде ауданымызда тікелей кино көруге мүмкіншілік болмағандықтан жастарға осы мәселені шешу жөнінде «KINOROOM» жобасын қорғап және « HOPE» командасы «BOOK STORE» жобасын қорғап, (танымал кітаптарды сатылымға шығару) «Самғау» менторлық бағдарламасының ұйымдастыруымен тағайындалған грантқа ие болды.

Жалпы сынып оқушылары сыныптан тыс шараларға қатысуда белсенділік танытады. Алдағы уақытта тәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жұмыстар әлі жүргізіледі және оларды сынып жетекшінің басшылығымен өз мәнінде өткізуге белсене атсалысады.

Сынып жетекшісі  Н.Казиева